

## Объектілік масштабтағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Қарағанды облысы Саран қаласының әкімінің 2017 жылғы 21 ақпандағы № 02 шешімі.  
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 ақпанда № 4155 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасындағы 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, "Азаматтық қорғау туралы" Қазақстан Республикасындағы 2014 жылғы 11 қаңтардағы Заңының 48 бабына және 50 бабының 2 тармағының 2) тармақшасына, Саран қаласының төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссияның кезектен тыс отырысының 2017 жылғы 28 қаңтардағы № 2 хаттамасы негізінде, Саран қаласының әкімі **ШЕШТІ**:

1. Саран қаласы Ақтас поселкесінің Ковыльная көшесіндегі № 43 үйде апатты жағдайдың туындауы мүмкін болуына байланысты объектіде объектілік масштабтағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Ақтас поселкесінің әкімі Қ.С. Сулейменов төтенше жағдайды жою басшысы болып тағайындалсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Саран қаласы  
әкімінің міндетін атқарушы*

*М. Кожухов*